КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 28 мамыр №5265-26-00-2/1438 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судьяЖ.К.Кенжебаева
сот отырысының хатшысы З.Бахытжанованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Ишметов» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫ ЖАҒЫНДА ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігің «31775 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Т.С.Дуйсенбаев
Жауапкердің өкілі М.А.Садвахасов
Прокурор Ж.Азимбаева

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – талап қоюшы, ҚР ҚМ «11567 әскери бөлімі» РММ) мен өнім беруші «Ишметов» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – жауапкер, «Ишметов» ЖШС) арасында 2022 жылғы 22 қарашадағы №69/4 «Қазақстан

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Республикасы Қарулы Күштерінің мұқтажы үшін 2023 жылғы 1 наурыз бен 2025 жылғы 31 желтоқсан кезеңінде жеке құрамды тамақтандыру мен қызметтік иттерді азықтандыруды ұйымдастыру бойынша ерекше тәртіпті қолданумен мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстың қорытындылары туралы» мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың негіздерінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігің «31775 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – ҚР ҚМ «31775 әскери бөлімі» РММ) мүддесі үшін 2023 жылы 17 қаңтарда №123/2023-ПС санды мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт жасалған (ары қарай - Шарт).

2025 жылғы 10 желтоқсандағы Шартқа №1056-ПС жасалған қосымша келісімге сәйкес, №123/2023-ПС Шарттың сомасы 1 498 651,88 теңге құраған.

Шарттың 3.2.2. тармағына сәйкес өнім беруші осы шарт және шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелік бойынша міндеттемелердің толық және тиісті орындалуын қамтамасыз етуге міндеттелген болатын.

Шарттың 3.2.4. тармағына сай тамақтануды ұйымдастыруды осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке сәйкес (2-қосымша) тамақтану бойынша жүзеге асырылады.

2-қосымшаның 2.2.-тармағына сәйкес жеткізуші Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері жеке құрамының уақтылы, толыққанды және сапалы тамақтануын қамтамасыз етуге, бекітілген тағам мәзіріне сәйкес күнделікті ыстық тамақ дайындауға және асханада, сондай-ақ санитариялық нормаларды сақтай отырып, далалық (жауынгерлік) жағдайларда дайын тағамдарды беруге міндетті.

2025 жылы 22 желтоқсанда ҚР ҚМ «31775 әскери бөлімі» РММ-нің өкілдерімен асханада қызметтің көрсетілу сапасына тексеру жүргізу барысында тамақтану кезінде әскери қызметкерлер етпен жабдықталымның тиісті нормасы берілмегені, яғни 4,232 кг 1-санатты сиыр етінің жетіспеушілігі анықталып №373 актісі түзілген.

Талап қоюшы аталған актінің негізінде «Ишметов» ЖШС-гі шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамағанын көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер сотқа түсірген қарсы пікірінде жауапкердің тарапынан тұрақсыздық айыппұл төленгенін, әскери қызметкерлерді тамақтандыру барысында 4,232 кг ет өнімі жалпы бекітілген нормадан кем болып шыққаны талап қоюшыға ешқандай жағымсыз салдар туындамағанын көрсеткен.

Талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, талап қоюда көрсетілген негіздермен талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Құжатқа қол қойылған: Кенжебаева Ж. К., 03.06.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкердің өкілі талап қоюды мойындамай, қарсы пікірде көрсетілген негіздерді алып, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жататындығы туралы қорытынды берді.

<u>ҮӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабынасәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарынасәйкес тиісіншеорындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабы 4-тармағының 3,4-тармақшаларына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің; өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот тараптарды тыңдап, іс құжаттарын зерделеп келесі тұжырымға келді.

Тараптар арасында 2022 жылғы 22 қарашадағы №69/4 «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мұқтажы үшін 2023 жылғы 1 наурыз бен 2025 жылғы 31 желтоқсан кезеңінде жеке құрамды тамақтандыру мен қызметтік иттерді азықтандыруды ұйымдастыру бойынша ерекше тәртіпті қолданумен мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстың қорытындылары туралы» мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың негіздерінде ҚР ҚМ «31775 әскери бөлімі» РММ-нің мүддесі үшін 2023 жылы 17 қаңтарда №123/2023-ПС санды мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт жасалған.

Шарттың 3.2.2. тармағына сәйкес өнім беруші осы шарт және шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелік бойынша міндеттемелердің толық және тиісті орындалуын қамтамасыз етуге міндеттелген болатын.

Құжатқа қол қойылған: Кенжебаева Ж. К., 03.06.2026

5265-26-3-6/222

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың 3.2.4. тармағына сай тамақтануды ұйымдастыруды осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікке сәйкес (2-қосымша) тамақтану бойынша жүзеге асырылады.

2-қосымшаның 2.2.-тармағына сәйкес жеткізуші Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері жеке құрамының уақтылы, толыққанды және сапалы тамақтануын қамтамасыз етуге, бекітілген тағам мәзіріне сәйкес күнделікті ыстық тамақ дайындауға және асханада, сондай-ақ санитариялық нормаларды сақтай отырып, далалық (жауынгерлік) жағдайларда дайын тағамдарды беруге міндетті.

2025 жылы 22 желтоқсанда ҚР ҚМ «31775 әскери бөлімі» РММ-нің өкілдерімен асханада қызметтің көрсетілу сапасына тексеру жүргізу барысында тамақтану кезінде әскери қызметкерлер етпен жабдықталымның тиісті нормасы берілмегені, яғни 4,232 кг 1-санатты сиыр етінің жетіспеушілігі анықталып №373 актісі түзілген.

Жауапкердің өкілі сотқа берген жауабында 2025 жылы 22 желтоқсанда түзілген №373 акті заңсыз екенін алға тартып, еттің жетіспеушілігінен Тапсырыс берушінің қызметкерлеріне ешқандай жағымсыз салдар туындамағанын көрсетті.

Алайда, Шарттың 3.2.1.тармағына сәйкес (Өнім беруші міндетті: «Қабылдаушы» жеке құрамына «Бейбіт уақытқа арналған Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін азық – түлікпен, азықпен, жабдықпен, асханалық – асүйлік ыдыспен жане азық – түлік қызметінің техникасымен жабдықтау нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 18 маусымдағы 2015 жылғы № 353 бұйрығымен белгіленген нормалар бойынша күнделікті ыстық тамақпен (рацион нормалары) тамақтануды ұйымдастыру тиіс.).

Шарттың 4.3.3) тармағына сәйкес өрескел бұзушылықтар бойынша, сондай-ақ елеусіз және елеулі бұзушылықтар жойылмаған жағдайда, қабылдаушы үлгіге (Шартқа 4-қосымша) сәйкес анықталған жағдайда (тиісті нормасын бермеу, азық-түлікті дайындау үшін жарамдылық мерзімі өткен тамақ өнімдерін пайдалану, Жеткізушінің кінәсінен тамақ қабылдауды тоқтата тұру немесе бір сағаттан артық уақытқа кешіктіру және т.б.), сондай-ақ жауынгерлік дайындықтың бұзылуына әсер ететін және әскери қызметшілер мен қызметтік иттердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін басқа да себептер.

Демек, сот, жауапкердің өкілінің еттің жетіспеушілігінен Тапсырыс берушінің қызметкерлеріне ешқандай жағымсыз салдар туындамаған деген уәжін негізге ала алмайды, себебі әскери қызметкерлерге тиісті үлес нормасын бермеу олардың заңды құқықтары мен кепілдіктерін бұзу болып табылады.

Сонымен қатар, жауапкермен бүгінгі таңға 2025 жылы 22 желтоқсанда түзілген №373 актісі дауланбаған, сот барысында асханада анықталған кемшіліктерді жоққа шығарған жоқ.

Құжатқа қол қойылған: Кенжебаева Ж. К., 03.06.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Демек, жауапкер шартпен бекітілген өз міндеттемелеріне немқұрайлы қарап, Шарт талаптары тиісінше орындалмаған.

Шарттың 3.2 тармағына сәйкес орындаушы шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенген.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынбаған.

Тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарт тиісті орындалмау оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Жауапкер талап қоюшының уәждерін теріске шығаратын басқа ешқандай дәлелдемелерді сотқа ұсынбады. Істің мұндай тұрғысында, сот талап қоюшының талабын заңды және негізді деп табады, сол себептен талап қою қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сай, жауапкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

Талап №2.

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады.

Шартының 6.3. тармағына сай Шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін Өнім беруші Тапсырыс берушіге бұзушылықтың әрбір жағдайы үшін шарттың жалпы сомасының 0.1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді, Тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Талап қоюшы жауапкерден Шарт бойынша 1 498 651 877.78*0.1%*1 есебінен төленуге тиіс тұрақсыздық айыбының сомасы 1 498 651,88 теңге өндіруді сұраған.

Алайда, сотта анықталғандай жауапкермен талап қоюшының есеп шотына 2026 жылғы 27 қаңтардағы №17 төлем құжаты негізінде 1 498 651,88 теңге қаражат аударылған, яғни жауапкермен тұрақсыздық айыппұл төленген, талап қоюшы оны жоққа шығарған жоқ.

Істің мұндай тұрғысында сот, талап қоюшының тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылуға жатады деп санайды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,**сот**

Құжатқа қол қойылған: Кенжебаева Ж. К., 03.06.2026

5265-26-3-6/222

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Ишметов» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп танылсын.

Талап қоюдың қалған бөлігі қанағаттандырудан бас тартылсын.

Жауапкер «Ишметов» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілгеннен күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Шымкент қалалық сотының сот алқасына апелляциялық шағым, прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Ж.К.Кенжебаева**

Құжатқа қол қойылған: Кенжебаева Ж. К., 03.06.2026

5265-26-3-6/222